

## Квзимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 894 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) жекешелендірілуге тиіс мемлекеттік активтер тізбесіне объектілерді қосу және одан алып тастау жөніндегі әдістеме;

2) жекешелендірілуге және заңды тұлғаларды қосу не біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылуға тиіс республикалық меншік ұйымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Жергілікті атқарушы органдарға:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бәсекелес ортаға беру ұсынылатын коммуналдық меншік ұйымдарының тізбесін;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес сенімгерлік басқаруға беру ұсынылатын коммуналдық меншік ұйымдарының тізбесін;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаларды қосу не біріктіру арқылы қайта ұйымдастыру ұсынылатын коммуналдық меншік ұйымдарының тізбесін;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тарату ұсынылатын ұйымдар тізбесін бекіту ұсынылсын.

3. Осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" (келісу бойынша), "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" (Kazakhstan Engineering) (келісу бойынша) акционерлік қоғамдарына ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың бәсекелес ортаға беру және тарату ұсынылатын еншілес, тәуелді ұйымдарының тізбесін бекіту ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (келісу бойынша) мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес компаниялардың жарғыларынан қызмет түрлерін алып тастау бойынша жұмыс жүргізісін.

5. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган (келісу бойынша), квазимемлекеттік сектор субъектілері (келісу бойынша), сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) осы қаулыны іске асыру бойынша шаралар қабылдасын;

2) жыл сайын, бірінші жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша (10 шілдеге және 10 қаңтарға дейін), Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне және Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне осы қаулының іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын;

3) объектілердің уақтылы өткізілмеуіне, сонымен қоса жекешелендіру мерзімін ауыстыруға жол берген мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарларынан, ұйым басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі мәселесін қарасын;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 қаулысымен бекітілген экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелеріне енгізілген ұйымдардың акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетінің сақталуын қамтамасыз етсін;

5) сату-сатып алу шартын жасасқанға дейін ұйымдар қызметкерлерінің саны мен штатын қысқартпасын.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша (25 шілдеге және 25 қаңтарға), Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты жыл сайын беруді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2025 жылғы 24 қазандағы  
№ 894 қаулысымен  
бекітілген

**Жекешелендірілуге тиіс мемлекеттік активтер тізбесіне объектілерді қосу және одан алып тастау жөніндегі әдістеме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жекешелендірілуге тиіс мемлекеттік активтер тізбесіне объектілерді қосу және одан алып тастау жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – әдістеме) осы қаулыға сәйкес жекешелендірілуге тиіс мемлекеттік активтер тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) жекешелендірілу объектілерін қосу және одан алып тастау кезінде қолданылады.

2. Осы әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – мемлекеттік комиссия) – "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы реформалар жөніндегі жоғары кеңес (бұдан әрі – Жоғары кеңес) – "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 414 Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

3) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

4) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – мемлекеттік жоспарлау және стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеу функциялары саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) жекешелендіру объектісі – мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына қатысу үлестері, ұлттық басқарушы холдингтердің еншілес және тәуелді ұйымдары және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар (бұдан әрі – объект).

## **2-тарау. Жекешелендірілуге тиіс мемлекеттік активтер тізбесіне объектілерді қосу**

3. Объектілерді тізбеге қосу мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік органдардың, ұлттық басқарушы холдингтердің өздеріне ведомстволық бағынысты квазимемлекеттік сектор субъектілерін жекешелендірудің орындылығы тұрғысынан олардың қызметіне осы әдістеменің 4-тармағында көзделген тәсілдер мен өлшемшарттарды ескере отырып талдау жүргізуі;

2) мемлекеттік органдардың өздеріне ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларға қатысты, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, жеке және заңды тұлғалардың объектіні тізбеге қосу туралы мәселеге бастама жасауы не Қазақстан Республикасының Үкіметі, Президенті Әкімшілігі басшылығының тиісті тапсырмасының болуы;

3) тиісті саланың уәкілетті органының объектіге қатысты салалық қорытынды және монополияға қарсы органның ұстанымдар дайындауы;

4) жұмыс тобының ұсынымдар дайындауы;

5) объектіні тізбеге қосу туралы мәселені мемлекеттік комиссияның қарауына енгізу;

6) Мемлекеттік комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда объектіні тізбеге қосу туралы мәселені Жоғары кеңестің қарауына енгізу;

7) Жоғары кеңестің шешімі негізінде объектіні тізбеге қосуды көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізу.

4. Мемлекеттік органдар мен ұлттық басқарушы холдингтер объектілерді тізбеге енгізу жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру кезінде мынадай тәсілдерді басшылыққа алады:

1) бәсеке мен ұсыныс деңгейі төмен тауар нарықтарына қатысудың субсидиарлық (қосалқы) рөлі;

2) нарық субъектілеріне уақытша қатысу стратегиялық және әлеуметтік объектілерді, банкаралық төлемдер жүйесі мен қаржы нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржы нарығы инфрақұрылымының объектілерін қоспағанда, мемлекет қатысатын барлық нарық субъектілерін міндетті түрде жекешелендіруді білдіреді;

3) мемлекет қатысатын нарық субъектісін құрудың мақсаттары мен міндеттерін, оның функцияларын айқындау және олардың жетістіктері мен іске асырылуын бағалау;

4) табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, жекешелендіру кезінде жеке монополиялар (оның ішінде, жергілікті жерлердегі) құруға жол бермеу.

Объектілерді тізбеге қосу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру мақсатында мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер жыл сайын 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде квазимемлекеттік сектордың ведомстволық бағынысты субъектілерінің қызметін мынадай өлшемшарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкестігі тұрғысынан талдайды:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 192-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларға сәйкес келмейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің Кодекстің 24-бабының 3-тармағында белгіленген кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына сәйкестігі (шағын, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері);

3) монополияға қарсы органның акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, заңды тұлғаларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды бәсекелес ортаға беру жөніндегі ұсынысының болуы;

4) заңды тұлға қызметінің маңызды аспектілері бойынша стратегиялық шешімдер қабылдау құқығын бермейтін бақыланбайтын акциялар пакетін (қатысу үлестерін) иелену;

5) жобаның өзін-өзі ақтау мерзімін ескере отырып Кодекстің 192-бабының 5-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардағы мемлекеттің акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатуды жүзеге асыру;

6) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың осы тауар нарығында монополияға қарсы орган ұсынған қатысу мерзімінің басталуы;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының атына жеке кәсіпкерлік субъектілерінен тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісін сатып алу туралы ұсыныстардың түсуі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар қызметі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін қамтамасыз етумен, стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар объектілерді пайдаланумен және ұстаумен байланысты заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына, Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын объектілерге қатысты қолданылмайды.

5. Мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер мына мемлекеттік органдарға:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға;

2) тиісті саланың уәкілетті органына;

3) монополияға қарсы органға бір мезгілде өтінішхат жіберу арқылы объектіні тізбеге қосу туралы мәселеге бастама жасайды.

Объектіні тізбеге қосу туралы өтінішхатта:

1) объектінің меншік иесі туралы деректер;

2) объект туралы, оның ішінде соңғы үш жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы деректер;

3) объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен салынған ауыртпалықтың бар/жоқ екендігі туралы мәліметтер;

4) объектіні жекешелендіру орындылығының негіздемесі.

Мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер осы әдістеменің 4-тармағына сәйкес жүргізілген талдаудың қорытындылары бойынша объектіні тізбеге қосу туралы мәселеге бастама жасауды жыл сайын 31 қаңтарға дейін жүзеге асырады.

6. Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) немесе монополияға қарсы орган ұйымдар қызметінің түрлерін және тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің

жай-күйін талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында (бұдан әрі – тізілімнің веб-порталы) бәсекелес ортаға беру ұсынылатын акциялардың бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың тізімін орналастырады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталында тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) немесе монополияға қарсы орган орналастырған тізімдер негізінде мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесін қалыптастырады.

Әлеуетті сатып алушыларға (жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға) мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесін қарауға және осы заңды тұлғаны дамыту бағдарламасымен (басқаруды жетілдіру, өндірісті жаңғырту немесе кеңейту, инвестициялау жөніндегі іс-шаралар) қоса мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесіндегі заңды тұлғаны жекешелендіру процесіне бастама жасауға өтінім беру үшін тізілімнің веб-порталына қолжетімділік беріледі.

Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) тізілімінің веб-порталында әлеуетті сатып алушыдан мемлекеттік мүліктің өтінімдік тізбесіндегі заңды тұлғаны жекешелендіру процесіне бастама жасау жөніндегі өтініш түскеннен кейін осы әдістеменің 4 және 5-тармақтарында көзделген тәртіппен осы заңды тұлғаны тізбеге енгізу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

7. Тиісті саланың уәкілетті органы өтінішхат алған күннен бастап немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі, Президенті Әкімшілігі басшылығының тапсырмасы түскен күннен бастап, егер тапсырмада өзге мерзім белгіленбесе, күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға салалық қорытынды жібереді.

Салалық қорытындыда мыналар:

1) отандық, шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың үлесін айқындауды қоса алғанда, саланың ағымдағы жай-күйін бағалау;

2) объектіні тізбеге қосудың орындылығының негіздемесі не мемлекеттің экономикалық мүдделері ескергенде оны жекешелендірудің орынсыздығының негіздемесі;

3) объектіні жекешелендірудің не объектіні мемлекет меншігінде қалдырудың болжамды әсерін бағалау;

4) объект жекешелендірілген жағдайда болжанатын тәуекелдерді (қауіп-қатерлер және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе Қазақстан Республикасы қоғамының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету) бағалау;

5) тәуекелдер (Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қауіп-қатерлер) болмаған жағдайда есеп-қисаптар мен негіздемелер қамтылады.

Қажет болған жағдайда салалық қорытындыда объект бойынша шешім қабылдау үшін маңызды өзге де ақпарат қамтылуы мүмкін.

Егер объектіні осы қаулыға тізбеге қосуға бастаманы тиісті саланың уәкілетті органы жасаса, қосу туралы өтінішхатпен бірмезгілде салалық қорытынды жіберіледі.

8. Монополияға қарсы орган қаралып отырған объектінің дамуы мен тиісті тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне әсерін ескере отырып, өтінішхатты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұстанымын жібереді.

9. Мемлекеттік органдардан, ұлттық басқарушы холдингтерден ұстанымдарын алғаннан кейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған материалдарды қарайды және есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей жартыжылдық негізде, объектіні тізбеге қосу туралы мәселені жұмыс тобының қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша бастамашы мемлекеттік орган және тиісті саланың уәкілетті органы жұмыс тобының отырысында мәселені сапалы қарау үшін қосымша ақпарат ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жұмыс тобының отырысы өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын тиісті материалдарды хабарламамен бірге мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

10. Жұмыс тобы мәселені оң қараған кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы мәселенің мемлекеттік комиссияның қарауына шығарылуын қамтамасыз етеді.

11. Мемлекеттік комиссияның оң ұсынымы болған кезде мәселе Жоғары кеңестің қарауына енгізіледі;

12. Жоғары кеңестің ұсынымдары негізінде тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган қаулының тиісті жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізуді қамтамасыз етеді.

Жоғары кеңестің ұсынымдары әртүрлі мемлекеттік органдардың қарамағындағы бірнеше объектіге қатысты болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының тиісті жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді.

### **3-тарау. Жекешелендірілуге тиіс мемлекеттік активтер тізбесінен объектілерді алып тастау**

13. Объектіні тізбеден шығару немесе оны жекешелендіру мерзімін ауыстыру туралы мәселеге бастама жасау, егер:

1) объектінің қызметі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін қамтамасыз етумен, стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар объектілерді пайдаланумен және ұстаумен байланысты болса;

2) объект Қазақстан Республикасының заңдарына, Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес иеліктен шығарылуға жатпаса;

3) соттың күшіне енген шешімімен объектінің қызметі тоқтатып қойылған болса не меншік иесін ауыстыру жөніндегі операцияны жүзеге асыруға тыйым салынса;

4) объект банкроттық және (немесе) оналту сатысында болса;

5) объектіде үшінші тұлғалар алдында шарттық міндеттемелер болып, жекешелендіретін болса, оларды орындау мүмкін болмаса;

6) объектіні өткізу мемлекеттің экономикалық мүдделеріне сәйкес келмесе, оның ішінде технологиялық байланысты процестерді іске асыруды қамтамасыз ету және (немесе) объектіні мемлекеттік меншікте қалдыру қажет болған жағдайда жүзеге асырылады.

14. Объектілерді тізбеден алып тастау мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) объектіні тізбеден алып тастау туралы мәселеге мемлекеттік органдардың бастама жасауы не Қазақстан Республикасының Үкіметі, Президенті Әкімшілігі басшылығының тиісті тапсырмасының болуы;

2) тиісті саланың уәкілетті органының және монополияға қарсы органның объектіге қатысты салалық қорытындылар дайындауы;

3) жұмыс тобының ұсынымдар әзірлеуі;

4) Мемлекеттік комиссияның ұсынымдар әзірлеуі;

5) Мемлекеттік комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда мәселені Жоғары кеңестің карауына енгізу;

6) тізбеге түзетулер енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу, келісу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізу.

15. Объектіні тізбеден алып тастау немесе оны жекешелендіру мерзімін ауыстыру туралы мәселеге бастама жасауды мемлекеттік органдар бір мезгілде уәкілетті органдардың атына өтінішхат жіберу жолымен жүзеге асырады.

Объектіні тізбеден алып тастау немесе оны жекешелендіру мерзімін ауыстыру туралы өтінішхатта объектінің осы әдістеменің 13-тармағында көзделген бір немесе бірнеше өлшемшартқа сәйкестігі көрсетіліп, оны тізбеден алып тастаудың немесе оны жекешелендіру мерзімін ауыстырудың орындылығының негіздемесі қамтылуға тиіс.

16. Тиісті саланың уәкілетті органы өтінішхатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға осы әдістеменің 7-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді қамтитын салалық қорытындыны жібереді.

Егер объектіні тізбеден алып тастауға немесе оны жекешелендіру мерзімін ауыстыруға тиісті саланың уәкілетті органы бастама жасаса, онда осындай хатпен бірге салалық қорытынды жіберіледі.

Монополияға қарсы орган өтінішхатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаралып отырған объектінің дамуы мен тиісті тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне ықпалын ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұстанымын жолдайды.

17. Мемлекеттік органдардан осы әдістеменің 5-тармағында көрсетілген ұстанымдарын алғаннан кейін орынды болған жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мәселені жұмыс тобының қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша бастамашы және тиісті саланың уәкілетті органы мәселені жұмыс тобының отырысында сапалы қарау үшін қажетті материалдарды ұсынады.

18. Жұмыс тобы мәселені оң қараған кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы мәселені мемлекеттік комиссияның қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

19. Мемлекеттік комиссия оң ұсыным берген кезде мәселе Жоғары кеңестің қарауына енгізіледі.

20. Жоғары кеңестің ұсынымдары негізінде тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының тиісті жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізуді қамтамасыз етеді.

Жоғары кеңес әртүрлі мемлекеттік органдардың қарамағындағы бірнеше объектіні қараған жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының тиісті жобасын әзірлейді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді.

21. Тізбеге қосылған объектілерді жекешелендіру мерзімін бір реттен асырмай және үш жылдан аспайтын мерзімге ауыстыруға жол беріледі.

Тізбеге қосылған объектілерді жекешелендіру мерзімдерін ауыстыруға байланысты мәселелер осы әдістеменің 15, 16 және 17-тармақтарында көзделген тәртіппен қаралады.

Баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 2500000 еселенген мөлшерінен асатын объектіні жекешелендіру мерзімдерін ауыстыру мәселесін мемлекеттік комиссия қарайды.

Баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 2500000 еселенген мөлшерінен аз объектіні жекешелендіру мерзімін ауыстыру мәселесін мемлекеттік комиссия қарайды.

22. Мемлекеттік комиссия не жұмыс тобы оң ұсыным берген кезде мәселе Жоғары кеңестің қарауына енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 24 қазандағы  
№ 894 қаулысымен  
бекітілген

**Жекешелендірілуге және заңды тұлғаларды қосу не біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылуға тиіс республикалық меншік ұйымдарының тізбесі**

Р/с №	Р/с №	Ұйымның атауы	Іске асыру тәсілі	Іске асыру мерзімі (жыл)
1	2	3	4	5
Ғылым және жоғары білім министрлігі				
1.	1.	"КИМЭП Университеті" бейкоммерциялық акционерлік қоғамы	тендер	2030 жыл
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі				
2.	1.	"Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы	қосу не біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру	2030 жыл

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 24 қазандағы  
№ 894 қаулысына  
1-қосымша

**Бәсекелес ортаға беру ұсынылатын коммуналдық меншік ұйымдарының тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2026 № 378 қаулысымен.**

Р/с №	Р/с №	Ұйымның атауы	Іске асыру тәсілі	Іске асыру мерзімі (жыл)
1	2	3	4	5
Ақтөбе облысының әкімдігі				
1.	1.	"Алға аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық		2030 жыл

		жүргізу құқығындағы Алға-Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	"өтінім бойынша"	
2.	2.	"Қарғалы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы Бадамша-Сервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
3.	3.	"Мәртөк аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Мәртөк-сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
4.	4.	"Мұғалжар аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Ембіжылу" коммуналдық		2028 жыл

		мемлекеттік кәсіпорны	тендер	
5.	5.	"Темір аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шұбарқұдық жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
6.	6.	"Қобда аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қобда су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
7.	7.	"Хромтау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Никельтау жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл

8.	8.	"Шалқар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ұлы Борсық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
9.	9.	"Aqtobe su-energy group" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
10.	10.	"Мұғалжар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Коммуналшы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны"	"өтінім бойынша"	2030 жыл
11.	11.	"Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық балалар стоматологиялық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"тендер"	2026 жыл
12.	12.	"Ақтөбе" облыстық футбол клубы" акционерлік қоғамы	аукцион/тендер	2026 жыл
Қарағанды облысының әкімдігі				

13.	1.	"Шахтинсктеплоэнерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
14.	2.	"Окжетпес-Т" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
15.	3.	Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы Облыстық стоматологиялық емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"тендер	2026 жыл
16.	4.	Саран қаласы әкімдігінің "Сарантеплосервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"тендер	2028 жыл
17.	5.	Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің "Тазалық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"тендер	2028 жыл
18.	6.	"Сарышаған Сужылу-2014" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
19.	7.	"БАЛХАШ ЖЫЛУ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
20.	8.	"Абайлық жылу жүйелері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
		"Теплотранзит Караганда"		

21.	9.	жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
22.	10.	"Ақтоғай Энерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
23.	11.	"Ақтоғай Энерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шашубай кентіндегі филиалы	тендер	2028 жыл
24.	12.	Нұра ауданы әкімдігінің "Қаратал" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
25.	13.	"SaranTeploService" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
26.	14.	Балқаш қаласы әкімдігінің "Балқашэнерго" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
27.	15.	"Қарағандыэнерго саласы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
28.	16.	"БЛАГОСТРОЙ-ПРИОЗЕРСК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
29.	17.	"ПРИОЗЕРСК ЖИЛ СЕРВИС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
30.	18.	"Шахтер" футбол клубы" акционерлік қоғамы	аукцион/тендер	2026 жыл
Алматы қаласының әкімдігі				
31.	1.	"Алматы жылу жүйесі" Жауапкершілігі		2030 жыл

		шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	
32.	2.	"F Link (ЭФ Линк)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион	2026 жыл
33.	3.	" Алматыжылужайэн е р г о " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
34.	4.	"Almaty sport management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион	2026 жыл
35.	5.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2026 № 378 қаулысымен.		
36.	6.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2026 № 378 қаулысымен.		
37.	7.	"Алматы тұрғын үй " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
38.	8.	"Алматы қаласының салттық қызметтер көрсетудің арнаулы комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2026 жыл
39.	9.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2026 № 378 қаулысымен.		
40.	10.	" Алматыэлектркөлік " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2030 жыл
Павлодар облысының әкімдігі				
41.	1.	Ақсу қаласы әкімдігінің, "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы " Теплосервис – Ақсу		2030 жыл

		" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	
42.	2.	Аққулы ауданы әкімдігі, Аққулы ауданының экономиканың нақты сектор бөлімінің "Аққу-Сервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	" тендер	2028 жыл
43.	3.	Железин ауданы экономиканың нақты секторы бөлімінің "Көмек" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
44.	4.	Май ауданының әкімдігі Май ауданының экономиканың нақты секторы бөлімінің "Май сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
45.	5.	Павлодар ауданы әкімдігінің "Ауыл-Су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	" тендер	2028 жыл
46.	6.	Тереңкөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Бастау-су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік		2028 жыл

		коммуналдық кәсіпорны	тендер	
47.	7.	Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласының тұрғын үй инспекциясы және коммуналдық шаруашылық бөлімінің "ERTIS SU PVL" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
48.	8.	Шарбақты ауданы әкімдігінің "Қайнар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі				
49.	1.	"Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Коммунхоз" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
50.	2.	"Айыртау-Коммун-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұрын "Булаев Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	тендер	2028 жыл
		"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық		

51.	3.	мемлекеттік мекемесінің Облыстық стоматологиялық емхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	" тендер	2026 жыл
Түркістан облысының әкімдігі				
52.	1.	Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Кентау Сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
53.	2.	"Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Таза ауыл" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
54.	3.	"Түркістан жарық-тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
55.	4.	Түркістан қаласы әкімдігінің " Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл

56.	5.	Отырар ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Отырар-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
57.	6.	Сарыағаш ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Сарыағаш-Тұрмыс" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
58.	7.	Арыс қаласының "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Арыс жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
59.	8.	"Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шолақорған-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
		Төлеби ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі		

60.	9.	және автомобиль жолдары бөлімінің "Ленгір су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
61.	10.	Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Оңтүстік Энергосервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
62.	11.	"Түркістан бас жоспары" ғылыми-зерттеу жобалау институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2026 жыл
63.	12.	Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Тұран" кәсіби футбол клубы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	аукцион/тендер	2026 жыл
Жамбыл облысының әкімдігі				
64.	1.	"Таразэнергоорталық" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
65.	2.	"Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "		2030 жыл

		Жамбыл-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	
66.	3.	Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Байзақ су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"тендер	2028 жыл
67.	4.	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің "Аса-су" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
68.	5.	Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің " Жанатас-Су-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
69.	6.	"Талас ауданы әкімдігінің "Игілік" көпсалалы кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
70.	7.	Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің " Құлан-Энерго Жылу " шаруашылық жүргізу	"	2028 жыл

		құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	
71.	8.	Шу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Шу-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
72.	9.	"Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
73.	10.	Мойынкұм ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Мойынкұм су-жылу" мамандандырылған көпсалалы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
74.	11.	Шу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Төле би мамандандырылған		2028 жыл

		көпсалалы кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	
75.	12.	"Алатау Су-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
76.	13.	"Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Таразтрансэнерго" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
77.	14.	Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жуалы-Су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
78.	15.	"Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы "Тараз" кәсіпқой футбол клубы" коммуналдық		2026 жыл

		мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	аукцион/тендер	
Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі				
79.	1.	Зайсан ауданы әкімдігінің "ЗАЙСАН" көп салалы коммуналдық мемлекеттік шаруашылық жүргізу есебіндегі кәсіпорны	тендер	2028 жыл
80.	2.	"ШЕМОНаИХА СУ АРНАСЫ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
81.	3.	"Шығыс Жылу" акционерлік қоғамы (бұрын "Өскемен жылу жүйелері" акционерлік қоғамы )	"по заявке"	2030 год
82.	4.	Алтай ауданы әкімдігінің "Алтай қаласының жылу-су орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
83.	5.	Алтай ауданы әкімдігінің "Серебрянск қаласының және Жаңа Бұқтырма кентінің жылу-су орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
84.	6.	Катонқарағай ауданының "Алтай КомХоз Сервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
85.	7.	Риддер қаласы әкімдігінің "Водоканал" шаруашылық жүргізу		2030 жыл

		құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	
86.	8.	Ұлан ауданы әкімдігінің "Молодежный" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
87.	9.	Күршім ауданы әкімдігінің "Күршім" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
88.	10.	Глубокое ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Глубокое к. "Теплоэнергия" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
89.	11.	"ALTAI-NEWS" медиа-орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион	2026 жыл
90.	12.	Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Өскемен қаласының балалар стоматологиялық емханасы" шарушылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2026 жыл
Батыс Қазақстан облысының әкімдігі				
91.	1.	"Жайықжылукуат" Акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
		Шаруашылық жүргізу құқығындағы Бөрлі ауданы әкімдігінің "		

92.	2.	Ақсайжылукуат" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
93.	3.	Жаңақала ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Коммунал" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"тендер	2028 жыл
94.	4.	Бәйтерек ауданы әкімдігінің ( шаруашылық жүргізу құқығындағы) "Коммунальщик" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"тендер	2028 жыл
95.	5.	Шыңғырлау ауданы әкімдігінің ( шаруашылық жүргізу құқығындағы) "Шыңғырлаукомтехсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"тендер	2028 жыл
96.	6.	"Теректі – таза су" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
97.	7.	"Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
<b>Шымкент қаласының әкімдігі</b>				
98.	1.	"Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының Қуатжылуорталық-3" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл

99.	2.	"Шымкент бас жоспар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион	2026 жыл
100.	3.	"Shymkent Bus" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2030 жыл
101.	4.	"Ордабасы" кәсіби футбол клубы" акционерлік қоғамы	аукцион/тендер	2026 жыл
Астана қаласының әкімдігі				
102.	1.	"Астана-Энергия" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
103.	2.	"Астана-Теплотранзит" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
104.	3.	"Астана-Өрнек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
105.	4.	"Астана – Аймақтық Электржелілік Компаниясы" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
106.	5.	"Комфорт Отель Астана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион	2026 жыл
107.	6.	"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
108.	7.	"АСТАНА-ЗЕЛЕНСТРОЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
109.	8.	"Астана – Арнайы қызмет көрсету бюросы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2026 жыл

110.	9.	"№ 1 Автобус паркі" " Акционерлік қоғамы	тендер	2030 жыл
111.	10.	"Fitnation" спорттық-сауықтыр у орталығы" мүліктік кешені	тендер	2026 жыл
112.	11.	"City Transportation Systems" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі паркингі және " Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы " мемлекеттік мекемесі	тендер	2026 жыл
Абай облысының әкімдігі				
113.	1.	"Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі " мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы " Теплокоммунэнерго " мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
114.	2.	"Абай облысы Бородулиха ауданының коммуналдық шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
115.	3.	Курчатов қаласы әкімдігінің " Курчатов көп салалы эксплуатациялық кәсіпорыны" шаруашылық жүргізу құқығындағы		2030 жыл

		мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	"өтінім бойынша"	
116.	4.	Жарма ауданы әкімдігінің "Горводхоз" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
117.	5.	Жарма ауданы әкімдігінің "Жарма-Су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
118.	6.	Абай облысы Аягөз ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Аягөз жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
119.	7.	"Авто Транс Семей" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2026 жыл
Ұлытау облысының әкімдігі				
120.	1.	"Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2030 жыл
121.	2.	"Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі"	"өтінім бойынша"	2030 жыл
122.	3.	Жәйрем кенті әкімі аппаратының "Жәйрем Болашақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
		Қаражал қаласы әкімдігінің "Қалалық		

123.	4.	коммуналдық шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
124.	5.	Жаңаарқа ауданы әкімдігі Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің "Жаңаарқа-Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
125.	6.	"Зеленстрой-Ұлытау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
126.	7.	Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі Жезқазған қаласы әкімдігінің "Мәдениет және демалыс парктерін басқару" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	аукцион	2026 жыл
Қостанай облысының әкімдігі				
127.	1.	Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің "Арқалық жылу-энергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
		Ұзынкөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,		

128.	2.	жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Таза Ұзынкөл" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
129.	3.	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай жылу энергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
130.	4.	Лисаков қаласы әкімдігінің "Лисаковқалакоммунэнерго" өндірістік-шаруашылық бірлестігі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
131.	5.	"Жітіқара ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Житикаракоммунэнерго" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
		"Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі,		

132.	6.	автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі " коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Аман-Су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
133.	7.	Науырзым ауданы әкімдігінің " Науырзым сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
134.	8.	"Рудный жылу желілері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
135.	9.	"Қамысты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
136.	10.	"Әулікөл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Әулікөл ауданы " Құсмұрын жылытуэнергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл
137.	11.	Денисов ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің " Дидар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	тендер	2028 жыл

138.	12.	Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер "	2028 жыл
139.	13.	Қарабалық ауданы әкімдігінің "Жылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2028 жыл
140.	14.	"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай ауданы әкімдігінің "Затобол жылу энергетикалық компаниясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
141.	15.	Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Озерное" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер "	2028 жыл
		"Меңдіқара ауданының тұрғын үй-коммуналдық		

142.	16.	шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" " мемлекеттік мекемесінің Боровское ЖКХ- 2016" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
143.	17.	Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Тобыл" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	" тендер	2028 жыл
144.	18.	Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің Теплоцентр" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	" тендер	2028 жыл
145.	19.	Қарасу ауданы әкімдігінің аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің шаруашылықты жүргізу құқығымен "Шығыс" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
146.	20.	Қарасу ауданы әкімдігінің аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің		2028 жыл

		шаруашылық жүргізу құқығындағы Октябрьский "Суық Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	
147.	21.	Қостанай облысының Ұзынкөл ауданы әкімдігінің Ұзынкөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Ұзынкөл Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
148.	22.	"Қостанай облысы әкімдігі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының "Қостанайюжэлектросервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2028 жыл
149.	23.	Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай облыстық балалар стоматологиялық емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2026 жыл
Маңғыстау облысының әкімдігі				
150.	1.	Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының "Каспий жылу, су арнасы"		2030 жыл

		мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	
151.	2.	Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзен жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
152.	3.	Мұнайлы ауданы әкімдігінің "Маңғыстау Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
153.	4.	Маңғыстау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Маңғыстау жылу, су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
154.	5.	Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Тұрмыс-Сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
155.	6.	Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік		2030 жыл

		коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	
156.	7.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы Мұнайлы ауданы әкімдігінің "Маңғыстауэнерго" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
157.	8.	Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Бейнеуэнергосервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
158.	9.	Жаңаөзен қаласы әкімдігінің "Өзенэнергосервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
159.	10.	Түпқараған ауданы әкімдігінің "Түпқараған электр жүйесі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
160.	11.	Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық стоматологиялық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2026 жыл
		"Ақтау тұрғын үй" жауапкершілігі		

161.	12.	шектеулі серіктестігі мамандырылған уәкілетті ұйым	"өтінім бойынша"	2030 жыл
162.	13.	Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Каспий" футбол клубы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	аукцион/тендер	2026 жыл
Алматы облысының әкімдігі				
163.	1.	Қонаев қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жылу Орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
164.	2.	"Қонаев тұрғын үй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"өтінім бойынша"	2030 жыл
165.	3.	"Талғар жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
166.	4.	Іле ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Іле Су" Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	2028 жыл
167.	5.	Балқаш ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "		2028 жыл

		Балқаш Таза су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	тендер	
168.	6.	Қонаев қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жасыл қала Қонаев" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2026 жыл
Қызылорда облысының әкімдігі				
169.	1.	Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қызылордажылуэлектрорталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
170.	2.	"Қызылорда" автобус паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2030 жыл
171.	3.	"Сырдария-Нұрдаулет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
172.	4.	"Туған ел келбеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
173.	5.	"Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы" акционерлік қоғамы	"өтінім бойынша"	2029 жыл
174.	6.	"Қорқыт Ата" Әуежайы" акционерлік қоғамы	сенімгерлік басқару	2026 жыл

175.	7.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы Қызылорда тазалығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
176.	8.	"Қызылорда" өңірлік инвестициялық орталығы" микроқаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион	2027 жыл
177.	9.	Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы Қызылорда жылуэлектр орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қазалы-Теміржол жылу" филиалы	тендер	2028 жыл
Атырау облысының әкімдігі				
178.	1.	"Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Атырау облысы Су Арнасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
179.	2.	"Жылыойсу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл

180.	3.	"Қаладағы тұрғын үйлерге коммуналдық қызмет көрсету" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тендер	2028 жыл
181.	4.	"Хиуаз Доспанова атындағы "Атырау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы	сенімгерлік басқару	2027 жыл
182.	5.	"Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының " Атырау облыстық балалар стоматологиялық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тендер	2026 жыл
183.	6.	"Атырау" облыстық футбол командасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	аукцион/тендер	2026 жыл
Ақмола облысының әкімдігі				
184.	1.	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы " Көкшетау Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"өтінім бойынша"	2030 жыл
